

ANNKEDIH

Әлемдік деңгейдегі көшбасшы



Елбасы тәуелсіз мемлекеттің басшылығын қолға алған тұста Қазақстанның геосаяси жағдайы өте күрделі болды. КСРО ыдырады, одан бұрынғы республикалар бөлініп шықты. Қазақстанды халықаралық қауымдастыққа белгісіз, ешқандай халықаралық шарттарға қол қоймаған және қатыспаған мемлекет болды. Қазақстанға таяу аймақта саяси тұрақсыздық, яғни аймақтық қақтығыстар (Ауғанстан, Пәкістан, Қытайдың Шыңжаң мен Тибет аймағында), діни экстремизм, наркотрафик, заңсыз миграция көріністері орын алған болатын. Осындай аумалы-төкпелі қиын кезеңде, Н.Назарбаев тығырықтан шығаратын жол тауып, елді ауыр экономикалық дағдарыстан алып шығып, Қазақстан Республикасын әлемдік аренаға шығара білді. Ең алдымен, Семей ядролық полигонын жауып, республика аумағында сақталған ядролық қаруды жойып, әлемдік қауіпсіздік ісіне теңдессіз үлес қосты. Әлемнің жетекші мемлекеттері басшыларымен кездесіп, тіл табысып, олардың тарапынан түсіністік пен қолдау тауып, кейбіреулерімен стратегиялық әріптестікке қол жеткізіп, аймақтық және халықаралық саяси, әскери, экономикалық ұйымдармен тұрақты қатынас орнатып Қазақстанның халықаралық қауіпсіздігін қамтамасыз ете білді. Осының бәрі қажымай, талмай еңбек еткеннің, дипломатиялық талантының арқасында жүзеге асты. Осындайда француздың ұлы ойшылы Вольтердің «Мемлекетті құтқару үшін бір ғана ұлы адам жеткілікті» деген сөзі ойға оралады. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Сыртқы істер министрі болған, Елбасының сенімді серіктерінің бірі – Төлеутай Сүлейменов Н.Назарбаевтың сыртқы саясаттағы ерен еңбектері туралы өзінің естеліктерінде тебірене жазады. Нұрсұлтан Назарбаев шетел басшыларымен, делегацияларымен кездесулерге мұқият, жан-жақты дайындалып, кездесуден тең әріптестік пен сыйластыққа негізделген, Қазақ елінің мүддесіне сай нәтижелер шығаруға бағыттай

білетінін айтады. Бір ғана мысал келтірсек. Мәселен, 2009 жылы Н.Назарбаев шет елдерге 150 рет сапарға шығып, көптеген елдердің басшыларымен келіс-сөздер жүргізді. Бұл санның сырына үңілсек, Елбасының қыруар еңбегі жатқанын шамалауға болады. Қазақстан Республикасы Президентінің алғашқы жаһандық бастамаларының бірі – Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесті (АӨСШК) ұйымдастыру болды. Қазақстан басшысы өзінің бұл бастамасын 1992 жылдың 5 қазанында Нью-Йорк қаласында өткен БҰҰ бас ассамблеясының 47-сессиясында жария еткен болатын. АӨСШК ұйымын құру қажеттілігін Н.Назарбаев ғасырлар бойы жинақталған азиялық тәжірибені қайтара пайымдау, құрлықтық ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасын өзара үйлестіру және заманауи жаңа қатерлерге қатысты бейімделудің жолдарын бірлесе отырып іздестіру мәселесінен туындап отырғандығын түсіндіріп өтті. Сонымен бірге, сол жылдардың өзінде-ақ Елбасы құрылып отырған ұйым өз жұмысында тек Азия құрлығымен ғана шектеліп қалмайтындығын пайымдап, оның Еуразия кеңістігіндегі өзара ықпалдастықтың тиімді тетігі ретінде қарастыра келе, келешекте стратегиялық жағынан ұжымдық қауіпсіздік пен ынтымақтастықтың әлемдік жүйесіне айналу мүмкіндігін қарастырған. Сонымен қатар Қазақстан басшылары ТМД, Шанхай Ынтымақтастығы Ұйымын құруға, оның жұмысын жандандыруға белсене қатысты. Осылайша, Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың ұсынған саяси-экономикалық және мәдени-өркениеттік әрекеттестік бағытындағы бастамалары қазіргі таңда өзінің қолдаушыларын тауып, тиімді түрде жүзеге асырылуда. Аталған бастамалар негізінде құрылған халықаралық деңгейдегі ұйымдар өзінің өміршеңдігі және жалпыға тең тиімділігі арқасында әлемдік ортада айтарлықтай беделге ие болып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың өте маңызды бастамасының бірі – Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съезін өткізуге байланысты екені баршаға аян. Осы маңызды съездің бірінші отырысы 2003 жылы өтіп, содан бері ол диалог пен өзара іс-қимылдың бірігей алаңына айналды. Сәйкесінше, Қазақстан әлемдік қоғамдастық тарапынан өркениетаралық және дінаралық диалогтың маңызды халықаралық орталығы ретінде мойындалды. 2015 жылдың 10-11 маусым күндері Астанада өткен Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің V съезінде тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қақтығыстардың алдын алу мақсатында діни лидерлердің саяси қайраткерлермен, халықаралық ұйымдармен және азаматтық қоғаммен диалогқа жәрдемдесу шешімі қабылданды. Съездің қатысушылары қорытынды құжат – Декларация қабылдаған болатын. «Бүгінде қауіпсіздік пен дамудың жаңа парадигмасын қалыптастыру бойынша кеңкөлемді үнқатысуларды жолға қоюдың маңызы зор. Оның негізінде теңқұқылық, өзара құрмет, бір-бірінің мүдделерін мойындау, ынтымақтастық, толеранттылық және өзара түсіністік қағидаттары болуы тиіс. XXI ғасырда барлық саяси, экономикалық, мәдени, рухани саладағы үнқатысуға балама жоқ. Қазіргі таңда адамзат үлкен материалдық, ғылыми-техникалық және интеллектуалдық мүмкіндіктерге ие. Егер адамдар бір-бірімен бейбітшілікте және рухани келісімде өмір сүріп

үйренбесе, ешқандай прогресс болмайды. Адамзаттың болмысы сондай, этностық, тілдік, діни және мәдени айырмашылықтар болжаулы болашақта әр кезде бола бермек. Бірақ олар ажыратушы жіктер емес, біріктіруші бастаулар болуы тиіс» деді Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері V съезінде сөйлеген сөзінде. Астанада осы маңызды форумды өткізу жылдарында әлемге белгілі көптеген танымал саясаткерлер, діни қайраткерлер қатысып, олардың барлығы осы диалог алаңын ұйымдастыру бойынша Н.Назарбаевтың бастамасын жоғары бағалады. Елбасының парасатты саясаты арқасында Қазақстанда қалыптасқан этносаралық және конфессияаралық келісімнің бірегей моделі Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі жұмысының негізіне салынған ұстанымдардың дұрыстығына дәлел болып отыр. Нұрсұлтан Әбішұлы кешегі Кеңес Одағынан бөлініп, ТМД құрған республикалар тағдырына, олардың болашақтағы дамуына алаңдай отырып 1994 жылы ММУ-да алғаш рет Еуразия одағын құру туралы бастама көтеріп, 10 жыл бойы қажымай-талмай күресе отырып 2014 жылы Еуразиялық экономикалық одақ (ЕЭО) құруға қол жеткізді. Қазіргі уақытта бұл одақ Ресей, Қазақстан, Беларусь, Армения, Қырғызстанды біріктіріп отыр. Н.Назарбаев Каспий теңізі аймағын 5 мемлекеттің арасында бөлісу ісіне үлкен үлес қосты. Бұрын КСРО мен Иран ғана иелік еткен Каспий теңізін бөлуге Әзірбайжан, Қазақстан және Түркіменстан қосылды. Ресей мен Иран мемлекеттері бөлісуді қаламай, әсіресе, Ресей қатаң позиция ұстанды. Бес мемлекеттің Сыртқы істер министрлерінің қаншама жыл жүргізген келіссөздері нәтиже бермеді. Осыдан соң бұл іске Президент Н.Назарбаев тікелей араласып, сол кездегі Ресей президенті Борис Ельцинмен тіл табысып, екі елге де тиімді ұсынысын дәлелдеп, Ресеймен келісімге қол жеткізді. Соның нәтижесінде, Қазақстан Каспий теңізінің өзіне тиісті бөлігін барлап, Қашағанда мол мұнай көзін тауып, ел игілігіне жаратуға қол жеткізді. Президент түбіміз бір түркі мемлекеттерімен мәдени салада ынтымақтастық жүргізе отырып, ТҮРКСОЙ ұйымын, Халықаралық Түркі академиясын ашуға, түркі елдері Парламенті ассамблеясын құруға да қол жеткізді. Н.Назарбаев қиындық туғанда түркі-мұсылман әлеміне көмек қолын созды. Бәрімізге белгілі Ресей мен Түркия арасындағы шиеленісті реттеуге ара ағайындық жасап, татуластырды. Елді апат алдына әкелген азамат соғысын тоқтату үшін Қазақстан Президенті қарсыласушы тараптар мен осы істі бейбіт жолмен реттеуге мүдделі болған шет мемлекеттер өкілдері үшін Астана қаласын диалогтар жүргізу алаңы ретінде ұсынды. Елбасы бастамасымен 2010 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымына (ОБСЕ) төрағалыққа қол жеткізіп, Астанада саммитін өткізді. Қазақ елі 2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымына да абыроймен төрағалық етті. Қазіргі уақытта әлемнің барлық елдеріне ортақ проблемалардың бірі – жиі қайталанатын әлемдік экономикалық және қаржы дағдарыстар. Елбасы осы қиындықтарды жеңу және алдын алу үшін Астанада 2013 жылы 114 елдің өкілі қатысқан Бүкіләлемдік дағдарысқа қарсы конференция ұйымдастырды. Қазақстан БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесінің бірі болып сайланып, әлемдік мәселелерді талқылап

шешуге өз үлесін қосуда. 2011 жылы Қазақстан басшысы G-GLOBAL жобасын ұсынып, артта қалған, дамушы елдердің талап-тілектері, мүддесін әлемнің жетекші елдері мен халықаралық ұйымдар ескеруі, санасуы қазіргі заманда қажеттілік екенін дәлелдеді. Н.Назарбаев осы ғаламат еңбектерінің арқасында, әлемдік деңгейдегі саясаткер қатарына қосылды. Ол әлемдік саясатты сауықтыру жолындағы еңбегі үшін шет мемлекеттердің 50 жоғары марапатына ие болды. Сыртқы саясат – әр мемлекеттің ішкі саясатымен біртұтас жүйе. Елбасы Қазақстанды тұрақты дамытудың екі стратегиясын (1997 жылы – «Қазақстан – 2030», 2012 жылы – «Қазақстан – 2050») және 2017 жылы «Рухани жаңғыру» жобасын жасап еліміздің жасампаздық жолымен дамуына жол көрсетті. Президенттің салиқалы жүргізген ішкі саясаты нәтижесінде, елімізде этносаралық саясат салтанат кұруда. Елбасы саясатын қолдауда Қазақстан халқы ассамблеясы сенімді тірек болды. 2015 жылы қазақ ұлтының да санғасырлық тарихы бар мемлекеті болғанын әлемге таныту үшін Қазақ хандығының 550 жылдығын ұйымдастырды. Биыл Алаштың 100 жылдығын атап өту арқылы қазақ халқының әлемдегі Ұлт-азаттық қозғалыстар тарихына қазақ ұлтының да үлес қосқанын, 1917-1920 жылдары «Алашорда» атты ұлттық автономия кұрып, дамыту жолында жанқиярлық күрес жүргізгенін әлемдік тарихқа мойындатты.